

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің кейбір бұйрықтарының күші
жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Төрағасының 2025 жылғы 18
наурыздағы № 26-НҚ бұйрығы

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 9-
тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналардың:

1) "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің және оның аумақтық
бөлімшелерінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын
біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының 2023
жылғы 9 маусымдағы № 70-НҚ бұйрығының;

2) "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің және оның аумақтық
бөлімшелерінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын
біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының 2023
жылғы 9 маусымдағы № 70-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан
Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау комитеті төрағасының 2023 жылғы 6 қарашадағы № 141-НҚ бұйрығының күші
жойылды деп танылсын.

**2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің персоналды басқару қызметі
осы бұйрық қабылданған күннен бастап Қазақстан Республикасының заңнамасында
белгіленген тәртіппен күнтізбелік он күннің ішінде:**

1) оның көшірмесін электрондық түрде мемлекеттік және орыс тілдерінде ресми
жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің
эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
"Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты"
шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 5 наурыздан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау комитетінің төрағасы*

С. Бейсенова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК